

Тілші –  
креативті  
тұлға



6-бет

Тау-тасы  
аңыз Баянауыл  
баурайы



11-бет

Орны  
толмас  
қасірет



13-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№175 (30154) 16 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ


## Екі ел бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруге дайын

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президентінің Тәжікстанға жұмыс сапары осы елдің басшысы Эмомали Рахмонмен кездесуден басталды. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонға қонақжайлылығы үшін ризашылығын білдірді.

Президент Душанбе қаласында өтетін ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында өзекті жаһандық мәселелерді талқылау аса маңызды екенін айтты.

– Қонақжай Тәжік елінің, Душанбе қаласының алдағы самиттерге дайындығы өте



Суретті түсіргендер: А. ДУСЕНБЕКОВ, Г. ОМІРБЕКОВ

жоғары деңгейде екен. Біздің тарап министрлер деңгейінде қажетті құжаттарды пысықтады. Қол қойылатын құжаттарды

отырыс барысында жан-жақты талқылаймыз деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті. Тараптар екіжақты форматта

да, көпжақты құрылымдар аясында да бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруге дайын екенін атап өтті.

### МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## Базалық мөлшерлеме баспана нарығына қалай әсер етеді?

Ұлттық банк базалық ставканы 9,5 пайызға көтерді. Бұл өз кезегінде несие пайыздарының өсуіне де ықпал етеді. Осы ретте ақша-несие саясатының қатаңдауы тұрғын үй нарығына қалай әсер етеді деген заңды сауал да туындайды.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,  
«Egemen Qazaqstan»

Экономист Эльдар Шамсутдиновтің айтуынша, базалық ставканы ескере отырып Ұлттық банк нарықтан ақша жинай бастайды.

«Базалық ставканың көтерілуі коммерциялық банк ставкаларының да көтерілуіне алып келеді. Сонымен бірге ақша-несие саясатының қатаңдауына байланысты мемлекет басты жеткізуші ретінде құрылыстың алдыңғы шебіне шығады. Екінші деңгейлі банктер нақты секторды қаржыландыруды тоқтатады. Оларға одан да Ұлттық банкке құнды қағаздар салған ыңғайлы. Бұл жалпы алғанда енді басталып жатқан коммерциялық

құрылыстардың баяулауына әкеліп соғуы мүмкін. Қазір біз байқап отырған карантиннен кейінгі құрылыс қарқыны жақын арада қайтадан әлсірейді. Өйткені көптеген компаниялар пәтерлерін сатты, бірақ құрылысты аяқтамады, себебі қаржыларын басқа құрылыстарға жұмсап қойды. Меніңше, қарашаға қарай кейбір компаниялар міндеттемелерін орындай алмай қалуы ықтимал», дейді сарапшы.

Өткен айда тұрғын үй сатып алу-сату келісімшартын жасау көрсеткіші де төмендеп кеткен. Тамызда жалпы саны 46 457 келісім жасалған, бұл шілдемен салыстырғанда 0,4 пайызға төмен. 46 мыңнан астам келісімнің 32 мыңы көпқабатты



үй пәтерлері бойынша жасалса, 14 мыңға жуығы жеке үйлерге қатысты.

Сондай-ақ Ұлттық статистика бюросы жаздың соңғы айында бірінші нарық үйлерінің 1,1 пайызға қымбаттағанын жариялады. Қазір Қазақстанда пәтер шаршы метрінің орташа бағасы – 343 815 теңге. Ең қымбат

шаршы метр – 436 мың теңге – Нұр-Сұлтан қаласында, бұл көрсеткіш Алматыда 409 мың теңге болса, Шымкентте 357 мың теңге шамасында. Ал ең арзан өңірлер – Тараз (149 мың) бен Қызылорда (165 мың) және Семей (209 мың) қалалары.

(Соңы 5-бетте)

### КӨКЕЙКЕСТІ

## Жаңа карталарға жарымай отыр

Геодезия және картография комитетінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда соңғы рет карталар өткен ғасырдың 1980-90-шы жылдары жаңартылды. Бұған қоса елімізде 1942 жылғы координаттар жүйесі (СК-42) әлі қолданыста.

Жақсылық МҰРАТҚАЛИ,  
«Egemen Qazaqstan»

Экономикасы табиғи ресурстарға негізделген кез келген мемлекет үшін геодезия және картография қызметін дамыту стратегиялық тұрғыда маңызды. Неге десеңіз, картографиялық және геодезиялық мәліметтердің мемлекеттік басқаруда, елдің инфрақұрылымын дамытуда, қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, сондай-ақ навигациялық қызметтерді ұсынуға тиімділігі көп.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің төрағасы Қажымұқан Бекмұқашевтің айтуынша, елімізде топографиялық карталарды жаңарту жұмыстары 2005 жылдан бері жүргізіле бастады.

«Қазақстан аумағының 55-65%-ына аэротүсірілім жасалды. Қазір республикалық маңызы бар 3 қаланың, сондай-ақ Түркістанды қоспағанда 13 облыс орталығының топографиялық жоспарлары әзірленді. Түркістан қаласына байланысты топографиялық

жоспар биыл аяқталады», деді комитет төрағасы.

Ұзын саны 51 ірі әрі шағын қаланың, 54 аудан орталығы мен 209 елді мекеннің цифрлы карталары жасалды.

Жазыратыны жоқ, соңғы жылдары әлемде спутниктік навигацияны, цифрлы картографияны, геокеңістікті технологияларды ауқымды енгізу мен пайдаланудың қарқын алуымен геодезия және картография саласының маңызы бірнеше есе арта түсті. Бұл жаһандық үрдістен қалыс қалмауға қамданған елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы арқылы Ұлттық кеңістікті деректердің инфрақұрылымы жобасы қолға алынды. Оның іске асырылу мерзімі – 4 жыл.

(Соңы 12-бетте)



## Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Мемлекеттер басшылары алдағы күндері Душанбеде өтетін ҰҚШҰ және ШЫҰ саммиттерінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелерді, оның ішінде, Ауғанстандағы ахуалды талқылады, сондай-ақ өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен күш-жігерді үйлестіруге келісті.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 15 қыркүйек  
№ 64-VII ҚРЗ

## Пандемия: әдебиеттегі көңіл күйі

Әр замандағы ірі оқиғаларды, тарихи сәттерді бүгінгі ұрпақ әдебиет пен тарихтың қағаз бетіндегі мыңжылдық архивтерінен оқиды, санаға түйеді. XIX ғасырды әдебиеттанушылар «тұтастай Бальзактың табысты дасыры» деп есептейді. Қалай дегенмен де, әдебиет өз міндетін толық атқарып келе жатыр. Жаһанды жайлаған мынау коронавирус әр мемлекеттің дамуына, адамдардың көңіл күйіне, денсаулығына өзгеше әсерін тигізді, экономиканың халі де мез емес. Ал осы індет қоғамның қан тамыры саналатын әдебиетке қалай әсер етті деген заңды сұрақ туындағалы қашан. Біз осыған жауап табу үшін ағылшын тілді әлем қаламгерлерімен халықаралық дөңгелек үстел ұйымдастырдық. Аталған дөңгелек үстелге Гассан Хамдан (ақын, Иран), Нұрғали Ораз (жазушы, Қазақстан), Нора Боссон (жазушы, Германия), Франк Баез (ақын, Доминикан), Нуро Намжы (ақын, Қытай), Фиона Болгер (ақын, Ирландия) және Ангиз Баймұхаметов (жазушы, Башқұртстан) қатысып отыр.

Тақырыпқа байланысты дөңгелек үстел материалы  
8-9-беттерде жарияланып отыр.





# Балаларды кибербуллингтен қорғау – күн тәртібіндегі міндет

Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Палатаның жалпы отырысы өтті. Жиын барысында депутаттар баланың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты депутаттардың бастамасымен әзірленген заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

## Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Отырыс барысында депутаттар мен мемлекеттік орган өкілдері балалардың құқықтарын қорғауға қатысты пікір алмасып, заң жобасын жан-жақты талқылады. Аталған құжат жөнінде баяндама жасаған депутат Динара Зәкиеваның айтуынша, заң жобасында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуға арналған инфрақұрылымның жетіспеуі мәселесін шешу көзделген.

«Бұл норма оңалту қызметтерін республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, аудандарда көрсету мақсатында денсаулық сақтау жүйесінің қолданыстағы объектілерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталықтарын құру бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретін бекітеді. Осылайша, оңалту орталықтарын көбейтуге мүмкіндік жасаймыз.

Мектеп – жасөспірім үшін уақытының көп бөлігін өткізетін, маңызды және күрделі мәселелерді қауіпсіз талқылауға болатын, өзін өзі дамытатын, оқу мен тәжірибе жинау үшін мүмкіндіктер көзі саналатын орын және таныс, қауіпсіз орта. Әрине, жеке дамудың, психикалық және эмоцияналды денсаулығының қайнар көзі. Бірақ мектепте балалардың жәбір көруі, зорлық-зомбылыққа ұшырауы да сирек кездесетін жағдай емес. Бұл балалардың денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, мектеп климатына да теріс әсер етеді. Сондықтан заң жобасында білім беру процесінде жәбірлеудің алдын алу тетіктерін реттеу көзделеді», деді депутат.

Д.Зәкиеваның айтуынша, заң жобасында мұғалімдер мен қызметкерлерді мұқтаж

балаға уақтылы көмек көрсету жөніндегі әдіснамамен, сондай-ақ балаға жәбірлеудің белгілерін түсіндіретін және бір-біріне мақұлданған баулытын бағдарламалармен қамтамасыз ету ұсынылады.

«Бұл түзету 3 миллионнан астам оқушының жағдайы мен өмірін жақсартуға бағытталған. Қазақстан қоғамы үшін тағы бір өзекті мәселе – балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид. Мәселен, 2021 жылдың тек алты айында 105 бала суицидке барған. 193 бала өз-өзіне қол жұмсауға оқталды. Бұл ретте бірқатар өңірде суицид саны өскені байқалады. Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш ұлғайған. Осыған байланысты заң жобасында бұл мәселені шешу үшін орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтердің жұмысын үйлестіру тетіктерін реттеу ұсынылады», деді Д.Зәкиева.

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин депутаттардың бастамасымен әзірленген заң жобасында балалардың тұрғын үй және отбасылық жағдайда мүдделерін қорғауға, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу мәселелерін қарастырылғанын атап өтті. Палата Спикерінің айтуынша, буллинг пен кибербуллинг қоғамда қатты алаңдаушылық тудырып отыр.

«Балаларды осы қауіптен қорғайтын нақты нормалар қажет. Деректер жүгінсек, 18 жасқа дейінгі жастар арасында өткен жылы 143 суицид және 306 өз-өзіне қол жұмсауға әрекет еткен оқиға тіркелген. Тек жарты жылдың ішінде 105 суицид пен 193 өз-өзіне қол сұғу әрекеті болған. Шынымен буллинг және кибербуллинг – өте қауіпті нәрсе. Ол балалардың психологиясын бұзатын, суицидке апаратын жол.



Сондықтан жаңа айтып кеткендей, балаларды, әсіресе, мектеп балаларын буллинг және кибербуллингтен толықтай қорғайтын нақты нормалар енгізуіміз керек. Осыған байланысты, екінші оқылымға дейін тиісті жұмыс жүргізу қажет», деді Палата Спикері.

Нұрлан Нығматулиннің айтуынша, бұл заң жобасы қазіргі қоғамға қажетті көптеген мәселелені, әсіресе, балалардың құқығын қорғау жолындағы проблемаларды шешуге тиіс. Мәжіліс Төрағасы атап өткендей, қазір балаларды қорғау үшін отбасылық қатынастар, білім беру, денсаулық сақтау салаларында қосымша шаралар қарастырылды.

Заң жобасында жазылған нормалар азаматтарды, әсіресе, балаларды осындай буллинг және кибербуллинг секілді құбылыстардан қорғау керек. Бұл нормалар заман талабы екенін айтқан Нұрлан Нығматулин осы заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың азаматтарды интернет арқылы қосымша қорғудан заң деңгейінде қорғау жөніндегі тапсырмасын орындауға бағытталғанын

айтты. Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасының пікірінше, бір ғана заң жобасы арқылы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы проблемаларды шешу мүмкін емес.

«Бұл жерде, әрине, жүйелі шаралар, кешенді тәсілдер қажет. Ол үшін барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, педагогтар мен ата-аналар қауымының бірлескен жұмысы керек. Ал депутаттық корпус өз тарапынан балалардың құқықтарын қорғау тетігін жетілдіру бойынша заңнамалық тұрғындай бойынша құқықтарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ отбасылық қатынастарда баланың мүдделерін қорғау және интернет желісіндегі құқыққа қарсы контенттің алдын алуға арналған бірқатар норма қарастырылды.

Сонымен қатар жалпы отырыста депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда мақұлдады.

«Аталған заң жобасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленген. Осы заң жобасы биыл 2 маусымда бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасын қарау барысында депутаттар мынандай түзетулер енгізді. Қауіптілік саласындағы және су шаруашылығы саласындағы жекелеген өкілеттіктері сақталады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органнан жануарлар дүниесін құру туралы келісімі қоғамда үлкен дау туғызғанын атап өтті. Бұдан бөлек, жиын барысында Айгүл Нұрқина, Ерлан Смайлов, Александр Милотин, Ерлік Әміргали, Юрий Ли, Сергей Симонов, Сырым Ертаев, Дания Еспаева депутаттық сауал жолдады. Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» партиясының тізімі бойынша Ғани Болатұлы Хамзин Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен Мәжіліс депутаты ретінде тіркеліп, Конституцияның 51-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан халқына ант беріп, Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің құрамына сайланды.

баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Жамбыл Ахметбеков.

Мәжіліс депутаттары заң жобасын бірауыздан мақұлдап, құжат Сенат қарауына жіберілді.

Бұдан бөлек, жалпы отырыс барысында Палатаның бейінді комитеті Қазақстан мен Тәжікстан үкіметтері арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа алды.

Отырыс соңында Мәжіліс депутаттары мемлекеттік органдар басшыларына депутаттық сауалдар жолдады.

Аманжан Жамалов Премьер-Министр Асқар Маминге жолдаған депутаттық сауалында темекі өнімдері мен алкоголь сусындарын таңбалау жобасына күмән келтірді.

Депутат Мақпал Тәжмағамбетова Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа Алматыдағы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасын жаңа ғимаратқа көшіру қажет екенін жеткізді. Файзолла Каменовтің айтуынша, Тұрғын үй кооперативтерінің қызметін қатаң регламенттеу қажет. Депутат осыған байланысты Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярға сауал жолдады.

Мақсат Раманқұлов Қазақстан Үкіметінің Ресей Сбербанкімен цифрлы үкімет платформасын құру туралы келісімі қоғамда үлкен дау туғызғанын атап өтті. Бұдан бөлек, жиын барысында Айгүл Нұрқина, Ерлан Смайлов, Александр Милотин, Ерлік Әміргали, Юрий Ли, Сергей Симонов, Сырым Ертаев, Дания Еспаева депутаттық сауал жолдады.

Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» партиясының тізімі бойынша Ғани Болатұлы Хамзин Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен Мәжіліс депутаты ретінде тіркеліп, Конституцияның 51-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан халқына ант беріп, Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің құрамына сайланды.

## Инвестжобалар қоржыны қомақты

Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Инвестициялық штаб отырысында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, сондай-ақ Жамбыл және Ақмола облыстары әкімдерінің инвестициялық жобаларды іске асыру барысы қаралды, деп хабарлады Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев экология, геология, балық, орман және су шаруашылығы салаларында министрлік негізгі капиталға тартатын инвестициялардың 2021-2025 жылдарға арналған нысаналы көлемі 2,5 трлн теңгені құрайтынын мәлім етті. Инвестициялық жобалар пулына Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Шымкент, Өскемен, Қарағанды және Алматы қалаларында Waste to Energy қойыс жағатын зауыттарын салу, жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты кеңейту, сумен қамтамасыз етудің тұйық цикліндегі балық өсіру шаруашылықтарын, тоған және шарбақты балық өсіру шаруашылықтарын дамыту, Каспий теңізінде балық аулауды ұйымдастыру, құрама жем, артемия цисталарын өңдеу зауыттарын салу және т.б. кіреді. Орман қорында экологиялық туризмді дамыту мақсатында Іле Ала-тауы, Шарын, «Көлсай жөндері», «Алтын Емел» және т.б. мемлекеттік ұлттық табиғи парктөрлімде қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру бойынша жобалар іске асырылады. Су

шаруашылығы саласында Жамбыл облысындағы Тасөткел магистралды каналын, Үлкен Алматы каналын, Алматы облысының су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту, Түркістан облысындағы Өгем өзенінде СЭС каскады бар су тартқыш салу жоспарланып отыр.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Айдар Әріпханов Қазақстанның даму банкінің (ҚДБ) қоржынында жалпы сомасы 7,1 трлн теңгеге 61 инвестициялық жоба және 16 экспорт алдындағы операция бар екенін айтты. Осы жылдың байында ҚДБ жаңартылатын энергетика, автомобиль жасау, ТМК және туризм салаларында 47 млрд теңгеге 5 инвестициялық жобаны және 67,9 млрд теңгеге 14 экспорттық операцияны қаржыландырды. Логистика, құрылыс индустриясы, жанарғылыс энергетика, ТМК салаларындағы 4 инвестициялық жоба, сондай-ақ 211 млрд теңге сомасына 2 экспорт алдындағы операция қаржыландыруға мақұлданды. Өнеркәсіпті дамыту қоры желісі бойынша ауыл шаруашылығы техникасын, автобус паркін, жүк вагондарын, коммуналдық



және өрт сөндіру техникасын жаңарту, отандық автоөндірушілерді қолдау және т.б. бойынша жалпы сомасы 45,88 млрд теңгеге 198 жоба қаржыландырылды. АӨК дамыту аясында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес құрылымдары 2021 жылдың I жартыжылдығында 282,5 млрд теңге сомасына 14 397 қарыз берді. Осы жылдың аяғына дейін секторды барлығы 388,3 млрд теңге көлемінде қаржыландырып, 831 млн теңгеге 373 бірлік кепілдік беру көзделіп отыр. «Kazakh Invest» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мейірман Юсупов Task Force арнайы инвестициялық бөлімшесі АӨК, химия және тау-кен металлургиясы өнеркәсібі, фармацевтика, энергетика, құрылыс материалдарын өндіру, көлік және логистика салаларында 12 млрд доллардан астам сомаға 57

жобаны пысықтап жатқанын мәлімдеді. Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Алмас Мәдиев 2021-2025 жылдарға әкімдік АӨК, химия және тау-кен металлургиясы өнеркәсібі, жанарғылыс энергетика, құрылыс материалдарын өндіру және т.б. сияқты салаларда жалпы сомасы 2,5 трлн теңгеге 107 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырғанын атап өтті. Биылғы 8 айда Жамбыл облысында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 231,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен 20,2%-ға артық. Осы жылы негізгі капиталға 421 млрд теңге көлемінде инвестициялар ағынын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Ақмола облысы әкімінің орынбасары Канат Ыдырысов алдағы 5 жылға әкімдік АӨК, құрылыс индустриясы,

ТМК, энергетика, машина жасау, туризм, білім беру және т.б. салаларда 1,8 трлн теңге сомасына 330 жобадан тұратын пул құрғанын баяндады. Биыл жалпы сомасы 695,8 млрд теңгеге 108 жоба іске асырыла бастады. Осы жылғы қаңтар-тамыз айларында Ақмола облысында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 276,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен 10%-ға артық. Биыл негізгі капиталға барлығы 558 млрд теңге көлемінде инвестиция ағынын қамтамасыз ету көзделіп отыр. Үкімет басшысы барлық мемлекеттік органға, өңірлік әкімдіктеріне және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту бойынша жұмысты жүйелі негізде жалғастыруды тапсырды.

## Әлеуметтік қолдау – әрдайым назарда

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі штаб отырысы өтті, деп хабарлады Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

Штаб отырысында студенттерге жатақханадан орын беру, халықтың әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсету, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған инфрақұрылымды жақсарту мәселелері қаралды.

Талқылауға түскен мәселелердің бірі 2025 жылға қарай колледждер мен университеттер жатақханаларынан кемінде 50 мың жана орынды пайдалануға беру болды. Биылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 1924 орынға арналған 10 жатақхана пайдалануға берілді. Осы жылдың аяғына дейін 12 185 орындық қосымша 37 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Кездесу қорытындысы бойынша қысқа мерзімде мүдделі мемлекеттік органдарға мемлекеттік тапсырысты орналастыру механизмін жетілдіруге байланысты ұсыныстарды қарау туралы бұйрық берілді. Сондай-ақ жалғыз басты қарт азаматтарға қосымша әлеуметтік қолдау түрлері жөнінде айтылды. Атап айтсақ, қиын жағдайға тап болған жалғызбалық жандарға біржолғы материалдық көмек көрсету, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, санаторий-курорттық емделу, тұрғын үйін жөндеуге қол ұшын беру сынды мәселелер көтерілді. Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін пандустар орнату, арнайы лифтер, дәретханалар салу және зағип жандарға арналған бағыттаушы белгілер орнату жайы да қозғалды.

Бүгінде қоғамдық бақылаудың аймақтық топтарының мониторинг объектілері бойынша жұмысы жандандырылып жатыр. Жиында мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар легі де талқыланды. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жұмыспен қамтылған мүгедектер үлесі жұмыспен қамту орталықтарына жүгінген еңбекке жарамды мүгедектердің 29,7%-ын құрайды.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары мүгедектерді жұмыспен қамту мәселелері бойынша қолдау шаралары жетістіктері туралы (оқыту, жұмыс орындарын қайта жабдықтау, жалақының бір бөлігін субсидиялау, жұмыспен қамту квотасының сақталуын бақылау) қамтамасыз етуді және жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударуды тапсырды. Бұл шаралар 2025 жылға дейін әзірленген Ұлттық жұмыспен қамту жобасында көрініс табуы тиіс.